

Мектептегі оқу процесін ұйымдастыру нормативтік құжаттармен: Қазақстан Республикасының Конституциясы, 2007 жылғы 27 шілдедегі «Білім туралы» Заңы, (01.01.2022 жылғы өзгеріспен) «Қазақстан Республиканың Еңбек кодексі», «Қашықтықтан білім беру технологиялар бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2015 жылғы 20 наурыздағы № 137 бұйрығына өзгеріс енгізу туралы» (Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2021 жылғы 3 қарашадағы №547 бұйрығы, «Қазақстан Республикасының тілдер туралы» Заңы, білімді дамыту туралы Қазақстан Республикасының 2020-2025 жылдарға арналған мемлекеттік бағдарламасы, «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытуды, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білімнің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі, қосымша білімнің білім беру бағдарламаларын және арнайы оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарында жұмыс істейтін педагогтерді және білім және ғылым саласындағы басқа да азаматтық қызметшілерді аттестаттаудан өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» (ҚР Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы №83 бұйрығы, ҚР Оқу-ағарту министрінің 30.12.2022 №533 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен), «Педагог лауазымдарының тізбесін бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 15 сәуірдегі № 145 бұйрығы, «Педагогтің жұмыс уақыты мен демалыс уақыты режимінің ерекшеліктерін айқындау қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 21 сәуірдегі № 153 бұйрығы, «Педагогикалық әдептің кейбір мәселелері туралы» (өзгерістерімен және толықтыруларымен ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы №190 бұйрығы), «Педагогтерге біліктілік санаттарын беру (растау) қағидаларын бекіту туралы» ҚР БҒМ 2020 жылғы 11 мамырдағы № 192 бұйрығы және мектеп директоры бекіткен мектептің ішкі ережелерімен реттеледі.

Білім беру ұйымын басқару келесі кезеңдерде жүзеге асырылады:

Директор, педагогикалық кеңес;

Директордың орынбасарлары;

Әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестік жетекшілері;

Мұғалімдер, сынып жетекшілері;

Оқу жылының басында жалпы мектепшілік жоспар, әдістемелік бірлестіктердің және Әдістемелік кеңестің жылдық жоспары және мектепшілік бақылау жоспары, сабақ кестесі құрылды.

Педагогтердің және мектепшілік құжаттардың жүргізілуі «Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, орта, арнаулы, қосымша, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесін және олардың нысандарын бекіту туралы» (ҚР БҒМ 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығы), ҚР Оқу-ағарту министрінің 17.03.2023 жылғы № 68 бұйрығымен енгізілген өзгерістерімен сәйкес жүргізіледі.

### **Оқу мерзіміне қойылатын талаптар**

2022-2023 оқу жылының басталуы, ұзақтығы, каникул кезеңі орта білім беру ұйымдарында меншік нысаны мен ведомстволық бағыныстылығына қарамастан «Орта білім беру ұйымдарында 2022-2023 оқу жылының басталуын,

ұзақтығын және каникул кезеңдерін айқындау туралы» ҚР Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 12 тамыздағы № 363 бұйрығымен бекітілген каникул кезеңдері толық сақталды.

Оқу мерзімі, сабақ кестелері мен қосымша сабақтар "Білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы ҚР Денсаулық сақтау министрінің 2021 жылғы 5 тамыздағы № ҚР ДСМ-76 бұйрығына сәйкес жүзеге асырылады.

Мектеп бір ауысымда оқыды. Сабақ 08.00 -де басталады. 2-11 (12) сыныптарда сабақтың ұзақтығы-40 минут. Сабақтардың қоңырау арасындағы үзілістің ұзақтығы кемінде 5 минут, үлкен үзіліс 2-ші сабақтан кейін 15 минут, 4-ші сабақтан кейін 15 минутты құрайды.

### Бірінші ауысым

1	08.00- 08.40	
2	08.45- 09.25	15 минут
3	09.40- 10.20	
4	10.25 - 11.05	15 минут
5	11.20 - 12.00	
6	12.05 - 12.45	
7	12.50 - 13.30	
8	13.35 – 14.15	

Мектептің сабақ кестесі міндетті және вариативтік сабақтар үшін жеке жасалды.

Бірінші сыныптардың оқу сабақтарының режимі: кыркүйекте – күніне 35 минуттан үш сабақ , қазан айынан бастап санитариялық қағидаларға сәйкес көз шынықтыру жаттығулары мен гимнастикаларын жасай отырып 40 минуттан өткізілді.

	І сынып	І сынып
1	08.30- 09.10	08.00- 08.40
2	09.15- 09.55	08.45- 09.25
3	10.10-10.50	09.40- 10.20
4		10.25 - 11.05
5		11.20 - 12.00

### Педагог және оқытушы кадрлармен, тәлімгерлермен жасақталуы туралы мәлімет.

2022-2023 оқу жылының басына штаттық кесте бойынша мұғалімдер саны - 30,оның ішінде 1психолог,1 әлеуметтік педагог, 1кітапханашы, 1педагог-ұйымдастырушы, 3қосымша білім беру педагогы, 7 педагог декреттік демалыста.

Мектепте осы кезеңде барлығы – 30 мұғалім, оның ішінде – 2 мұғалімнің орта арнаулы педагогикалық білімі бар, 6,7% құрайды, 28мұғалімнің жоғары педагогикалық білімі бар, сәйкесінше – 93,3 % құрайды.Магистр дәрежесі бар педагогтер – жоқ.Педагогтер ЖОО және орта-арнаулы оқу орындарында алған біліктіліктеріне сай өз мамандықтары бойынша жұмыс істейді.Педагогикалық ұжымда бұрын сотталған және осы есептік кезеңде сотталған педагог жоқ.

**Педагогикалық кадрлардың сандық және сапалық құрамы.**

«№ 48 Жалпы білім беретін орта мектебі» КММ 30 мұғалім жұмыс істейді; оның ішінде 25 әйел, 5 ер адам.

**Жас құрамы ( 2022 жыл, қыркүйек айы бойынша )**

25 жастан жас	25-35 жас	36-49 жас	50 жас және одан жоғары	Зейнеткерлік жастағы
3	7	12	8	-

**Жұмыс өтілі**

2 жылдан төмен	2 мен 5 жыл арасы	5 пен 10 жыл арасы	10 мен 20 жыл арасында	20 жыл және одан жоғары
3	3	4	5	15

**Педагог кадрларға қажеттілік**

Мектептегі келесі 2023-2024 оқу жылына вакансиялар:

<b>вакансиялар</b>	<b>Оқыту тілі</b>
Орыс тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	қазақ тілінде, 5 – 11 сыныптар

**Жас мамандар -2.**

<b>№</b>	<b>Аты-жөні</b>	<b>қызметі</b>
1	Алдабергенова Аружан Ержанқызы	Орыс тілі мен әдебиет мұғалімі
2	Қарағұлқызы Мекенжан	Биология пәнінің мұғалімі

Жас мамандардың бейімделуі үшін «Жас мамандар» тәлімгерлік мектебі жұмыс істейді. Тәлімгерліктің мақсаты – жас мұғалімдердің біліктілігін арттыру деңгейінің тиімділігін анықтау.

Оқу-әдістемелік және практикалық көмек көрсету үшін кезең-кезеңімен жұмыстар жүргізілуде:

- ✓ тәлімгерлердің, тәжірибелі мұғалімдердің сабақтарына қатысу;
- ✓ сыныптан тыс іс-шараларға қатысу;
- ✓ пәндік апталықтарға қатысу;
- ✓ ӘБ жұмысына қатысу;
- ✓ семинарларға, педагогикалық кеңестерге, оқуларға, ғылыми-практикалық конференцияларға қатысу.

Жас ұстаздар мектебінің жұмыс жоспары әртүрлі іс-шаралар: практикалық панорамалық сабақтар, тренингтер, жеке әңгімелер, сауалнамалар. Жас ұстаздар мектебінің пәндері сан алуан, әрбір жас ұстазға тәлімгер – тәжірибелі ұстаздар бекітілген. Тәлімгерлер бұл мұғалімдердің сабақтарын аралап, әр сабаққа жан-жақты талдау жасап, оларды орындау бойынша ұсыныстар береді.

2022-2023 оқу жылына жас мамандар қабылданған жоқ.

### Педагогикалық кадрлардың аттестатталуы

2022-2023 оқу жылындағы мектепте жана біліктілік санаттағы мұғалімдердің сапалы құрамы:

Санаттар	
«педагог»	10
«педагог-шебер»	жок
«педагог-зерттеуші»	5
«педагог-сарапшы»	3
«педагог-модератор»	7
Жоғары санатты	2
I санатты	2
II санатты	1

Жана квалификациялық категория педагогикалық ұжымның - 66,6 %.

Жоспарға сәйкес «педагог» санатындағы педагогтың біреуі шілде айында өтуді жоспарлауда.

Мектеп мұғалімдері біліктілік санаттарын көтеру немесе бұрын берілген біліктілік санаттарын растау мақсаттармен аттестациядан уақытылы өтеді.

Мұғалімдердің аттестаттауды растайтын материалдар аттестаттау комиссиясының құрамы, нормативтік құжаттар, аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамалары, санаттарды тағайындау туралы куәліктер беру арнайы журналға жазылады.

### Мұғалімдерді курстық қайта даярлау және біліктілігін арттыру туралы ақпарат

Мектепте мұғалімдерді курстық қайта даярлау мен біліктілігін арттырудың перспективалық жоспары жасалған. Курс сертификаттарының көшірмелері жинақталып, сақталады. Педагогтар әзірленген және бекітілген ұзақ мерзімді жоспар бойынша курстарда оқытылады.

2022-2023 оқу жылында мұғалім цифрлық құзыреттілік біліктілігін арттырды.

### Педагогикалық ұжымның деңгейлік курстардан өтуі туралы:

	Барлық мұғалімдер
Бірінші деңгей	0
Екінші деңгей	1
Үшінші деңгей	3
Барлығы	4
Пайыздық құрамы	13,3 %

Жаратылыстану -математикалық бағыттағы пәндерден ағылшын тілінде оқыту курсынан екі мұғалім өтті. Олар: физика пәнінен Сағын Н.Н., химия пәнінен Удин Е.С. Аталған мұғалімдер, 2021-2022 оқу жылының ақпан айында үш тілді оқытудан өз еріктерімен бас тартты. [7-қосымша]

### Мектептің педагогикалық құрамын есепке алу құжаттарын жүргізу.

Педагогикалық кадрларды есепке алу туралы құжаттама істер номенклатурасына сәйкес жүзеге асырылады. Еңбек шарты жасалады, бұйрық шығарылады, кадрлар кітабында тіркелген бұйрық шығарылады. Бұйрықтар кітаптары нөмірленген, директордың мөрімен бекітіледі. Мұғалімдердің жеке құжаттарын толтыру талаптарға сәйкес жүзеге асырылады. Еңбек кітаптары қауіпсіз жерде сақталады, жұмыс кітаптарындағы жазбалар уақтылы жүргізіледі.

### Мектептің әкімшілік құрамы

Аты-жөні	қызметі	Білімі	мамандығы	Әкімшілік қызметінің өтілі	Санаты	Әкімшілік қызметін дегі жүктемесі
Абуова Карлыга Когабаевна	Мектеп директоры	жоғары	Физика, информатика пәнінің мұғалімі	9 жыл	Педагог-зерттеуші	1жүктеме
Жубатова Жазира Жайлаубаевна	Директордың оқу ісі жөніндегі орынбасары	Жоғары	Химия пәнінің мұғалімі	13 жыл	Жоғары	1жүктеме
Уликланова Камка Кенесовна	Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары	Жоғары	Қазақ тілі мен әдебиеті пәнінің мұғалімі	6 жыл	Педагог-зерттеуші	1 жүктеме
Нурахашева Гүльсара Андреевна	Директордың шаруашылық меңгерушісі	Жоғары	Математика пәнінің мұғалімі	1 жыл	-	1 жүктеме

Директор мен директор орынбасарларының функционалдық міндеттері мектептің бұйрығымен бекітілді, жұмыс режимі тіркелген, жұмыс кестесі бекітілді. Директорлардың орынбасарлары функционалды міндеттерімен танысты.

Әкімшілік тарапынан мектепшілік бақылау нормалары негізінде мектеп жоспарына сәйкес мұғалімдердің сабақтарына қатысып, бақылауды жүзеге асырады. Нәтиже бойынша мұғалімдермен талдау жасалып және ұсыныстар беріледі.

Жыл сайын педагогикалық құрамның қызметі, барлық салалардағы оқу-тәрбие процесіне сараптама жасалып, жылдық мақсаттар мен міндеттердің орындалуына талдау жасалып және алдағы оқу жылының мақсаттары мен міндеттерін анықтайды.

### Білім алушылар контингентінің құрылымы және сапалық көрсеткіші

Мектептегі жалпы сыныптар саны- 11.Бастауыш сыныпта-4 , орта буында-5, жоғары сыныпта-2.Оқу жылының басында 1-11 сыныптар арасында -240 оқушы, оқу жылының соңында-238 оқушы, оның ішінде: 1-4 сыныптар-93 оқушы, 5-9 сыныптар-115 оқушы,10-11 сыныптар-30 оқушы.

№	сыныптар	оқушы саны
1	1	24
2	2	28
3	3	25
4	4	16
5	5	20
6	6	19
7	7	27
8	8	22
9	9	27
10	10	20
11	11	10
	<b>1-11</b>	<b>238</b>

Оқу жылының қорытындысы бойынша мектеп бойынша 28 оқу үздігі, 84 оқу екпіндісі болды.

2-4 сыныптар арасында -20 оқу үздігі, 23 оқу екпіндісі.

Бастауыш сыныптың білім сапасы -63 % - ды көрсетті.

5-9 сыныптар арасында -7 оқу үздігі, 48 оқу екпіндісі.

Орта буынның білім сапасы - 48 %.

10-11 сыныптар арасында - 1 оқу үздігі жоқ, оқу екпіндісі-13.

Жоғарғы буынның білім сапасы -47 %.

#### Білім сапасының көрсеткіші

Сыныптар	Білім сапасы
2-4	63 %.
5-9	48 %.
10-11	47 %.

Білім сапасы 53 %. Білім сапасы оқу жылының бірінші жартыжылдығымен салыстырғанда – (50%) 3 % - ға өсті. [8-қосымша]

#### Оқу пәндерінің берілу сапалығы.

2022-2023 оқу жылының мектептің оқу жоспарына элективті, қолданбалы курстардың және үйірме сабақтарын жүргізілуі енгізілді.

**Негізгі мақсаты:** Оқушылардың бойында ұлттық, азаматтық белсенділік, өркениеттік пен адамгершілік құндылықтарды игерту арқылы жан-жақтылығын тәрбиелеу және жоғарғы класс оқушыларының қажеттілігіне, қызығушылығы мен қалауына сәйкес тұлғалық және өмірлік өзін-өзі анықтауына әсерін тигізетін бейіндік оқытуды жүзеге асыру.

#### Міндеттер:

- оқушының жеке тұлға ретінде және іс-әрекет субъектісі ретінде мақсатты, тұрақты және дәйекті дамуына жағдай жасау;

- оқушылардың белгілі бір білімді таңдауы мен меңгеруін, олардың оқу процесі кезінде таңдау мүмкіндіктері мен құқықтарын қамтамасыз ету;

- білім мазмұнын барынша ізгілендіруді қамтамасыз ету.

Мектептің оқу жоспарына Ақтөбе қаласының білім бөлімінің 2022 жылғы 16 қыркүйектегі «Білім, тәрбие беру ұйымдарының эксперименттік және инновациялық жұмыстарын, қосымша білім беру бағдарламаларын енгізу, жалғастыру, тоқтату, оқу кабинеттерін паспорттау туралы» №302 бұйрығына сәйкес мектеп және оқушы компонентінен төмендегі курстар енгізілді және 2022-2023 оқу жылына арналған типтік оқу жоспарының вариативтік бөлігі бойынша сағаттар бөлінді:

Бастауыш білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары			
1 класс(1 сағат)	2 класс (1 сағат)	3 класс (1 сағат)	4 класс (1 сағат)
<b>Таңдау сабақ</b> «Математика күнделікті өмірде»	<b>Таңдау сабақ</b> «Математика және логика»	<b>Таңдау сабақ</b> «Математика және экология»	<b>Таңдау сабақ</b> «Математика жобалар»
1 класс(1 сағат)	2 класс (1 сағат)	3 класс (1 сағат)	4 класс (1 сағат)
Үйірме «Асық ату»	Үйірме «Дойбы»	Үйірме «Футбол»	Үйірме «Футбол»

#### Негізгі білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары

5 класс	6 класс	7 класс	8 класс	9 класс
0,5 сағат	0,5 сағат	0,5 сағат	0,5 сағат	0,5 сағат
«Жаһандық құзыреттілік»	«Жаһандық құзыреттілік»	«Жаһандық құзыреттілік»	«Жаһандық құзыреттілік»	«Жаһандық құзыреттілік»
Жалпы білім беру деңгейі бойынша вариативтік компонент сағаттары				
10 класс (3сағат)		11 класс (3сағат)		
«Жаһандық құзыреттілік»		«Жаһандық құзыреттілік»		
<b>Элективті курс</b>		<b>Элективті курс</b>		
«Абайтану» «Мәңгілік ел-ұлт идеясы:тарихи таным мен тамыр»		«Алаш идеясы және қозғалысы» «Жалпы биология негіздері»		

5-11 сыныптан «Жаһандық құзыреттілік» инварианттық курс есебінен оқытылады. тарих пәнінің мұғалімі Қарасаев Т.Т-2022 жылы «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығы АҚ» филиалының ұйымдастыруымен курстан өткен, сертификаты бар.

#### Мектепшілік бақылау

Білім сапасы бақылау мектепшілік бақылау арқылы жүзеге асырылады. Дұрыс басқару шешімдерін қабылдау үшін мектептегі оқу және тәрбие процесі барлық сілтемелер бойынша оқу және үйлестіру үшін мектепшілік бақылау жасалды. Мектепшілік бақылау жұмыстарын директордың оқу-тәрбие ісі жөніндегі орынбасарлары басқарады. Мектептегі мектепшілік бақылау оқу үрдісіндегі барлық байланыстарды оқуға және үйлестіруге бағытталған, әр құрылымдық бөлімде (педагогикалық кеңес, директор жынындағы кеңес, өндірістік кеңес, әдістемелік кеңес, әдістемелік бірлестіктер отырысы, жас мамандар мектебі) арқылы жүзеге асырылады. Мектепшілік бақылау жоспары оқу жылындағы жүргізілген жұмыстардың талдауларын ескере отырып жасалған. Жоспарда әмбебап міндетті оқыту,оқушылардың білім сапасын бақылау қарастырылған, білім деңгейлерін,1,5-сыныптарды бейімдеу және 10-11 сыныптарда бейіндік

оқыту, мектеп құжаттамаларын жүргізу, оқушылардың қауіпсіздігі, оқушылардың жеке және сыныптық үлгірімдерін бақылау, тақырыптық және жалпы сыныптық бақылау жүргізу жоспарланады.

Мектепшілік бақылаудың нәтижелері жеке және әдістемелік бірлестіктер отырыстарында және директор жанындағы жиналыстарда қаралады. Хаттамалар жұмыс жоспарына сәйкес жүзеге асырылады.

#### **Әдістемелік жұмысты ұйымдастыру**

Мектептегі ағымдағы оқу жылында жүргізілген әдістемелік жұмыс бағыттары:

1. Әдістемелік кеңес.
2. Педагогикалық кадрлармен жұмыс. «Жас мамандар мектебі».
3. Мұғалімдерді аттестациядан өткізу жұмыстары.
4. Мұғалімдердің шығармашылық, озық тәжірибе тарату бағытындағы жұмыстары.
5. Өз білімін жетілдіру.
6. Пән әдістемелік бірлестіктердің жұмысы.
7. Бастауыш пен орта буын арасындағы сабақтастық.
8. Оқу жоспарының вариативті бөлігінің орындалуы.
9. Дарынды оқушылармен жұмыс.
10. Паспортталған кабинет жұмысы.
11. Сабаққа өзара қатысу және талдау.
12. Мұғалімдерді аттестаттау;
13. Курсты қайта даярлау (ұйымдастыру және бақылау);
14. Педагогикалық шеберлік байқаулары мен конкурстарға қатысу;
15. Талантты және дарынды оқушылармен жұмыс;
16. Оқушыларды әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларға, конференцияларға, жарыстарға қатысуға тарту.

2022-2023 оқу жылында мектепте әдістемелік кеңесі жұмыс атқарды.

Педагогтар мен мектеп оқушылары қалалық, облыстық деңгейде түрлі іс-шараларға қатысты. Мектепшілік әдістемелік бірлестіктер жоспар бойынша жұмыс жасады.

2022-2023 оқу жылында мектептің әдістемелік кеңесінің мақсаты:

Ғылым мен озат тәжірибеге сүйеніп, мұғалімнің өз кәсіби біліктілігін жан-жақты дамуын қалыптастыру, мектеп пен педагогикалық ұжымның шығармашылық әлеуетін дамыту.

2022-2023 оқу жылында озық тәжірибе тарату бағытындағы жоспарға сәйкес жинақтаған тәжірибелерін насихаттау мақсатында пән мұғалімдері төмендегідей семинарлар мен коучингтер өткізді.

№	Пән мұғалімдері	Тақырыбы	Уақыты
1	Туребекова М.К Есенова Г.Ж	Коучинг- «Оқу жолында әдістемелік сүйемелдеуді қамтамасыз ете отырып, нәтижелі білімге қол жеткізу»	Қараша
2	Сабыр Ж.С Ахат Г.Е	Коучинг-«Сабақта цифрлық технологияларды тиімді қолдану»	Желтоқсан
3	Калманова Ж.Е	Шебер класс «Жаңа әдіс-тәсілдер- бүгінгі сабақта»	Қаңтар
4	Сағын Н.Н	Дөңгелек үстел «Үстазы жақының- ұстазы жақы»	Ақпан



Әдістемелік бірлестіктерді жоспарына сәйкес бірлестік бағыттары бойынша пәндік апталықтар өткізілді.

Оқыту процесінің сапасын арттыру, педагогтерде және білім алушыларда кездесетін проблемаларды зерделеу мақсатында мектепшілік бақылау іске асырылды.

Мектепшілік бақылауды тиімді жүзеге асыру үшін сабаққа қатысу, бақылау және талдау үшін гуманитарлық пәндерден -25сабаққа,жаратылыстану бағытындағы-15 сабаққа, эстетикалық пәндерден-10 сабаққа талдау жасалынып, пән мұғалімдеріне әдістемелік көмектер берілді.

Біліктілікті арттыру курсынан биылғы оқу жылында 6 педагог өтті.

№	Мұғалімнің аты-жөні, пәні	Курс тақырыбы	Сағат саны	Курстан өткен жылы, тіркеу №
1	Жубагова Ж.Ж	"Химия пәні мұғалімінің кәсіби қызметін қалыптас-тырудың ғылыми педагогикалық негізі"	80	Халықаралық педагогикалық шеберлікті арттыру академиясы 12.09-23.09.22ж №000474
2	Уайсова З.З	«Математика мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	80	«Өрлеу» АҚ 14-25.11.2022ж №0543329
3	Исегалиева З.З	Биология пәні мұғалімінің кәсіби құзыреттілігін дамыту»	80	«Өрлеу» АҚ 30.01-10.02.23ж №0544290
4	Бисенов Б.Б	«Алғашқы әскери және технологиялық дайындық оқытушы-ұйымдастырушының кәсіби құзыреттілігін дамыту»	80	«Өрлеу» АҚ 13-24.06.2022ж №0486819
5	Садық И.Ә	«Тарих пәні мұғалімдерінің пәндік құзыреттіліктерін дамыту»	80	«Өрлеу» АҚ 24.04-05.05.23ж №0541735
6	Алдабергенова А.Е	«Мектептегі орыс тілі мен әдебиеті сабағы:басымдықтар және жетілдіру стратегиялары»	120	«НЗМ»ДББҮ 03.04-21.04.23ж №0541735

2022-2023 оқу жылында мектептің пән мұғалімдері облыстық деңгейде өткен пәндік олимпиадалар мен байқауларға қатысып, өз білім деңгейлерін көрсете білдірді. Педагогикалық олимпиада, конкурс, байқаулар бойынша:

№	Қатысқандар	Қала ,Облыстық, Республикалық	
1	Мырзаханова Б.К	«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	"PedOlimp"Респ.пед.олимп-I диплом- "ӨРЛЕУ" БАҰО
2	Садық И.Ә	«Заманауи педагог»атты облыстық олимпиада-II дәрежелі диплом - Ақтөбе «Өрлеу» БАҰО	
3	Сабыр Ж.С	«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	Ағылшын тілі обл.пед. олимп-I дипл- "ӨРЛЕУ" БАҰО

4	Есмұханова Т.Д	«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	"PedOlimp"Респ.пед.олимп-II диплом- "ӨРЛЕУ" БАҰО
		Педагог.олимпиада-II диплом-Ақтөбе АОҒТО	
5	Жубатова Ж.Ж	«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	"PedOlimp"Респ.пед.олимп-I диплом- "ӨРЛЕУ" БАҰО
6	Қунантаева М.К	«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	Педагог.олимпиада-II диплом-Ақтөбе АОҒТО
7	Қарағұлқызы М	«Үздік жас маман-2023» обл.пед. байқау-III орын-«Өрлеу»ОҒТО	«Мұғалімнің шығармашылық зертханасы-2023» обл.байқау-III орын НЗМ
8	Қалманова Ж.Е	«Заманауи педагог» облыстық олимп-III диплом - «Өрлеу» БАҰО	
9	Ахат Г.Е	«Мәртебелі педагог-2022» байқау-сертиф	"PedOlimp"Респ.пед.олимп-II диплом- "ӨРЛЕУ" БАҰО
		«Үздік жас маман-2023» обл.пед. байқау-I диплом «Өрлеу»ОҒТО	
		Ағылшын тілі пед.олимп-II диплом Ақтөбе АОҒТО	
10	Сағындықова Г.Т	«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	
11	Қоппағамбетова А.Г	«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	
12	Исегалиева Г.Е	Биология пәні пед.олимп-I диплом-Ақтөбе АОҒТО	"PedOlimp"Респ.пед.олимп-II диплом- "ӨРЛЕУ" БАҰО
		«Үздік сабақ жоспары»байқауы-III диплом-Ақтөбе АОҒТО	
13	Мангибаева Б.Т	«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	
14	Есенова Г.Ж	«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	"PedOlimp"Респ.пед.олимп-I диплом- "ӨРЛЕУ" БАҰО
		Педагог.олимпиада-III диплом-Ақтөбе АОҒТО	
15	Улиқпанова К.К	Педагог.олимпиада-II диплом-Ақтөбе АОҒТО	«Әлем өзгеруімен-біз де өзгереміз» обл.үздік эссе байқау-I диплом-Ақтөбе АОҒТО
		«Заманауи педагог» облыстық олимп-II диплом - «Өрлеу» БАҰО	
16	Сағын Н.Н		"PedOlimp"Респ.пед.олимп-I диплом- "ӨРЛЕУ" БАҰО

#### Олқылықтармен жүргізілген жұмыстар туралы

Білімдегі олқылықтарды толықтыру мақсатында оқу жылының басынан мектепшілік жоспарға енгізілді. Педагогикалық ұжыммен әдістемелік кеңесте, әдістемелік бірлестіктерде қаралып пән мұғалімдері өз жоспарларын құрды, олқылықтарды анықтау үшін сабақ мақсаттары қайта қаралды.

Биылғы мектептің жалпы білім сапасы 53 % құрады. Өткен оқу жылымен салыстырғанда 3 % ға өсті.

2022-2023 оқу жылына мектептің әдістемелік жұмысы қанағаттанарлық. Барлық жоспарланған іс-шаралар ұйымшылдықпен өткізілді. Оқушылар түрлі интеллектуалды олимпиадаларға белсене қатысты, нәтиже көрсете алды.

#### **Үй тапсырмасына қойылатын талаптардың орындалуы**

Үй тапсырмасын ұйымдастыру және орындау жөніндегі «Әдістемелік ұсынымдамалар» ҚР Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 24 сәуірдегі № 182 бұйрығы негізінде педагогтермен әдістемелік-нұсқау жұмысы жүргізілді және педагогтер тарапынан осы нормалар сақталады.

Үй тапсырмасын орындауда: 2-сыныпта-50 минуттан, 3-4-сыныптарда - 70 минуттан, 5-6-сыныптарда - 90 минуттан, 7-9-сыныптарда - 110 минуттан, 10-11-сыныптарда - 130 минуттан асырмау.

Үй тапсырмасын: Мерекелік және демалыс күндері (жалпы дамуы, жобалық бақылау жұмыстарын өткізгеннен кейін; бірінші сынып білім алушыларына (екінші жартыжылдықтан бастап көлемі 20 минуттан аспайтын уақыт ішінде оқылатын тапсырмалар берілуі мүмкін) бермеу ұсынылады.

Үй тапсырмасын беру кезінде бастауыш сынып мұғалімдеріне, пән мұғалімдеріне:

- білім алушыларға үй тапсырмасын сабақ үстінде, қоңырауға дейін хабардар ету;
- үй тапсырмасын орындау бойынша нұсқау беру;
- көлемі аз тапсырмалар (орындалуы міндетті) және көлемі көп тапсырмаларды (орындалуы ерікті түрде) үйлестіріп беру;
- сабақта үй жұмысы бойынша қателермен жұмыс жүргізу ұсынылды.

#### **«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» және "Жолда жүру ережелері"**

«Өмір қауіпсіздігінің негіздері» оқу курсының мазмұны 2-4-сыныптарда «Дүниетану» оқу курсының аясында жүзеге асырылады; 2-3-сыныптарда жылдық оқу жүктемесі 6 сағат, 4-сыныпта 10 сағат көлемінде бастауыш сынып мұғалімдері жүргізеді. 5-9-сыныптарда «Дене шынықтыру» оқу курсының аясында 15 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен дене шынықтыру мұғалімінің оқытуымен іске асырылады; 10-11-сыныптарда «Алғашқы әскери дайындық» оқу курсының аясында 25 сағаттық жылдық оқу жүктемесімен алғашқы әскери дайындық пәнінің оқытушы-ұйымдастырушысы жүзеге асырады.

«Жол қозғалысы ережелері» оқу курсының мазмұны 1-4-сыныптарда әрбір сыныпта 6 сағаттан сынып сағаттары есебінен, 5-8-сыныптарда аталған оқу курсы сыныптан тыс уақыттарда сынып сағаты есебінен 10 сағат көлемінде іске асырылады.

#### **Мектептегі цифрландыру**

Педагогикалық ұжым құжаттарын Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2020 жылғы 6 сәуірдегі № 130 бұйрығына «Орта білім беру ұйымдарының педагогтері жүргізу үшін міндетті құжаттардың тізбесі» (16.09.2021 № 472 бұйрығының толықтыруымен) негізінде жүзеге асырады.

Мектеп 2015-2016 оқу жылынан электронды күнделік «Kundelik.kz»-мен жұмыс істейді. Сынып журналдары орта білім беру ұйымы электрондық тек қана электрондық форматта толтырылады, формативтік бағалар, қойылады.

Педагогтердің күнделікті толтыруы 100 %, оқушылардың күнделіккегі белсенділігі 100%, ата-аналардың белсенділігі 100 %.

ҰББДК (НОБД) мектепке қатысты барлық мәліметтер енгізілген, уақытылы толтырылады. Жауапты әкімшілік - директор оқу ісінің орынбасары Жубатова Ж.Ж.

**Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер**

Пайдалы оқу алаңы, материалдық-техникалық базаның болуы туралы мәліметтер ұсынылған.

Ғимарат 1986 жылы іске қосылған, 2001 жылдан мектеп ғимаратына берілген. 400 орындық, 2 қабатты типтік емес жобада салынған. Ақтөбе қаласы, Астана ауданы Санкібай даңғылы,14/8 мекен-жайында орналасқан. Материалдық-қаржылық активтері бар, мемлекеттік меншік, мектеп ғимаратының жалпы алаңы-2056,6 шаршы метр,19 оқу кабинеті,1 мәжіліс залы, 2шеберхана, 1 шағын спорт залмен қамтамасыз етілген,әлеуметтік тұрмыстық, оның ішінде өткізу пункттері, санитарлық тораптар(унитаз-12, қол жуғыштар-6) 8-бейнебақылау орнатылған.

Білім беру процесін материалдық-техникалық қамтамасыз етуі, оның ішінде компьютерлердің, оқу зертханаларының, оқу пәндері кабинеттерінің және техникалық оқу құралдарының болуы туралы мәліметтер көрсетілген. Мектеп ауласы аббаттандырылған,жазда гүлдер егіліп, ағаштар отырғызылған. Қақпадан мектеп алдына дейін асфальтталған. Мектеп аумағында шағын спорт алаңы орналасқан.Мектеп екі нүктеде интернетке қосылған, интернет жылдамдығы 10 Мбит/с жоғары. Бірінші және екінші қабаттарда жылы туалеттер бар. Ұлдарға және қыздарға арналған, әр туалетте үш унитаздан бар және есікпен, бөлгішпен бөлінген, әр туалетте бір қол жуғыштан бар.

Мектепте 8 дана бейнебақылау орнатылған. 5 данасы мектеп ғимаратының ішінде, 3 данасы мектеп ғимаратының сыртына орнатылған.Сыртқы бейне бақылау мектептің артқы жағында екеуі, жанында біреуі орнатылған.

Мектеп отын түрі (газбен) жылытылады.2020 жылы жылу беру жүйесі отқазандығы пеші автономияландырылды. Мектептен шамамен 50метр аралықта орналасқан. Орталықтандырылған ауыз сумен жабдықтау жүйесі тартылған.Өрт сигнализациясы 2009 жылы орнатылған, мектеп ішінде әр қабаттың дәлізінде және кабинеттерде өрт сөндіру құралдары бар. [9-қосымша]

**Медициналық қызмет көрсету, медициналық пункт және медициналық қызметке берілген лицензия туралы мәліметтер**

Мектепте медициналық пункт жұмыс істейді. Егу кабинеті жоқ. Қабылдау кабинеті бар. Кабинеттің ауданы -15,3 м2. Медициналық кабинет 90% жабдықталған. Кушетка, егу үстелдері, дәріхана шкафы, файл салатын шкафтар, орындықтар, үстел бар. мемлекеттік лицензиясы № 10404 DD.

Медициналық қызметкер: Жумағалиева Ажаргүл Қадыржановна мектепте 2021жылдан жұмыс жасайды.

16.06.2025 жылға дейін жарамды «Мейірбеке ісі» қызметі бойынша біліктілік санаты куәлігі;«Мейірбике» қызметі бойынша 06.09.2024жылға дейін

жарамды №KZ 80VBM00972381 сертификаты, 2021 жылы 07.06-22.06 аралығында ШЖҚ«Кеңес одағының батыры М.Мәметова атындағы Ақтөбе жоғары медициналық колледжі» МКК базасында 120 сағат көлемінде «Мектеп мейірбекесінің жұмысын ұйымдастыру» тақырыбында біліктілік көтеру курсынан өткен, № 197 біліктілікті арттыру туралы куәлігі бар.

Педагогикалық ұжым және техникалық қызметкерлер медициналық тексеруден -100% өтті.

Мұғалімдермен, ата-аналармен тұрақты байланыс орнатылып, кеңестер, әңгімелер жүйелі түрде өткізіліп тұрады. [10-қосымша]

### **Санитариялық қағидалар мен нормаларға сәйкес тамақтандыру объектісінің болуы туралы мәліметтер**

Тамақтандыру объектісінің түрі - асхана түрінде. Көлемі -68,36 шаршы метр. 80 орынға арналған. Ас бөлмесіне тоназытқыш, электроплита орнатылған. Орталықтанған ауыз су жүйесі бар. Тамақ дайындау, азық-түлікті кесу, дайындау үстелдері бар.Тиісті ыдыс-аяқтармен жарактандырылған, маркировкалары бар.

«Ақтөбе қаласының білім бөлімі» ММ 07.09.2021 жылғы №02-03/2563 және Ақтөбе қаласы, «Астана» ауданы прокуратурасының 06.08.2021 жылғы №2-03-21-05431 шығарылған қызметтік ұсыныс хатына сәйкес, орта білім беру ұйымдарында осал топтар арасындағы 1-11 сынып оқушыларға арналған 2 апталық ас мәзірі жасакталып бекітілген. Ас мәзірі бойынша бекітілген тиісті баға -507 теңге. Осы бекітілген 2 апталық ас мәзірі бойынша қыркүйек айының жирма бірінен бастап жоғарыда аталған заңдарды башылыққа ала отырып қабылданған құжаттар негізінде әлеуметтік аз камтылған топтағы – 20 оқушыға тегін ыстық тамақпен камтамасыз етілді. [11-қосымша]

### **Зияткерлік олимпиадалар мен конкурстарға катысу нәтижелері 2022-2023 оқу жылындағы оқушылар жетістіктері**

Дарынды және талантты оқушылармен мектепішілік «Жас талап» қауымдастығы жұмыс жасайды. Қауымдастықта 15 оқушы бар. Оқушылар әртүрлі деңгейдегі олимпиадаларға, конференцияларға, жарыстарға катысты. 2022 оқу жылы қазан айында «Зерде» шығармашылық жоба қорғау І кезең мектепішілік кезеңі өткізілді. Жалпы ғылыми шығармашылық жоба саны- 8 жоба- 9 оқушы катысты, 2 жоба командьлық катысу, қалалық кезеңге ұсынылыған жоба саны- 6 жоба.Бижан.М 7класс оқушысы денсаулығына байланысты катысқан жоқ. 5 ғылыми зерттеу жобасы катысып 3жоба жұмысы ІІ дәрежелі диплом иегерлері атанды.

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Секция	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Тлес Құрманбек	7	Математика, қолданбалы математика	ІІ дәрежелі диплом	Турбекова.М.Қ
2	Сағынбаев Әміржан	2	Химия,биология	Алғыс хат	Қалманова.Ж
3	Бердіғазы Назира	4	Тарих,өлкетану	ІІ дәрежелі диплом	Жалмуратова.Г
4	ЕлубайМансур Жанғалиқызы Назерке (командьлық жоба)	7	Медицина, психология экология	ІІ дәрежелі Диплом	Исегалиева.Г.С

2022 жыл 16-17 қарашасында 9-11 сынып оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер бойынша Республикалық олимпиаданың I кезені (мектепшілік) өткізілді. Мектепшілік ғылым негіздері пәндері бойынша барлығы- 37 оқушы қатысты. I кезен олимпиада қорытындысы бойынша 9 оқушы II қалалық кезенге ұсынылды.

**9-Клас оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының қалалық кезен қорытындысы:**

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Пәні	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Бекмолда Махаббат	9	Құқық негіздері	II дәрежелі Диплом	Садық.И.Ә
2	Жидебай Ақжүніс	10	Құқық негіздері	I дәрежелі диплом	Садық.И.Ә
3	Жидебай Жұлдызай	9	Химия	III дәрежелі диплом	Жубатова.Ж.Ж
4	Түлеген Ардана	9	Биология	II дәрежелі Диплом	Қарағұлқызы.М

**9-Клас оқушыларына арналған жалпы білім беретін пәндер олимпиадасының облыстық кезен қорытындысы:**

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Пәні	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Бекмолда Махаббат	9	Құқық негіздері	Сертификат	Садық.И.Ә
2	Жидебай Ақжүніс	10	Құқық негіздері	III дәрежелі диплом	Садық.И.Ә

**7-8 класс оқушылары арасында өткен Республикалық олимпиаданың қалалық кезен жеңімпаздары:**

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Пәні	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Сыдық Аружан	7	Физика	III дәрежелі Диплом	Абуова.Қ.Қ
2	Теңізбаев Дидар	7	География	III дәрежелі диплом	Шоқпаров.Т.
3	Мұхтарова Ұлжанай	8	Математика	III дәрежелі диплом	Уайсова.З.З
4	Сатаева Мадина	8	Биология	II дәрежелі Диплом	Қарағұлқызы.М.

**Республикалық 5-бкласс оқушылары арасында өткен олимпиадада қалалық кезеңінде ұшқыр ой, терең білімділік танытып, өз білімдерін жоғары дәрежеде көрсеткені оқушылар**

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Пәні	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Марат Жалғас	6	Жаратылыстану	I дәрежелі диплом	Исегалиева.Г.С
2	Базарғали Айдын	6	Ағылшын тілі	III дәрежелі	Сабыр.Ж
3	Бөлек Әли	6	бкл математика	Грамота мақтау қағазымен	Түребекова.М.Қ

**Республикалық «Жыл оқушысы» байқауының қалалық кезеңінің қорытындысы:**

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Байқау	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Бридун Дана	11	«Жыл оқушысы»	-	Удин.Е.С
2	Сыдық Аружан	7	«Жыл оқушысы»	ІІ дәрежелі	Садық.И.Ә

**Республикалық « Менің- шағын Отаным» байқауының қалалық кезеңінің қорытындысы:**

№	Оқушылардың аты-жөні	сынып	Байқау	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Алағөзова Нұрсұлу	9	« Менің- шағын Отаным»	ІІІ дәрежелі диплом	Садық.И.Ә

**«Болашаққа бағдар: Рухани жаңғыру» мақсатына орай Ақтөбе облысынан шыққан ақындарды насихаттау мақсатында V «Жерлестер жаңғырығы» поэзия байқауы қалалық кезеңі қорытындысы төмендегідей:**

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Байқау	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Наурызгова Айару	3	Ақтөбе облысынан шыққан V «Жерлестер жаңғырығы» поэзия байқауы	Диплом	Қалманова Ж.Е.
2	Қыдыржанұлы Ерасыл	3	Ақтөбе облысынан шыққан V «Жерлестер жаңғырығы» поэзия байқауы	ІІ дәрежелі Диплом	Есмұханова Т.Д

**Республикалық «Ақберен» шығармашылық байқауының қалалық кезеңі**

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Бағыты	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Қиманова Анар	10	Шешендік өнер	-	Мухамбедиярова.Б.І
2	Қурманкулова Томирис	8	Көркемсөз оқу бағыты	ІІ дәрежелі Диплом	Есенова.Г.Ж
3	Сапиев Динар	10	Эссе жазу номинациясы	Алғыс хат	Мухамбедиярова.Б
4	Кенес Мейірман	8	Ақындар мүшайрасы номинация	-	Улықпанова.Қ

**Республикалық «Лингвистикалық олимпиада» байқауының қалалық кезеңі**

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Бағыты	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Мажитова Аяулым	9	Лингвистикалық олимпиада	-	Пән мұғалімдері
2	Саметов Бексұлтан	10	Лингвистикалық олимпиада	-	Пән мұғалімдері

3	Курмаикулова Томирис	8	Лингвистикалық олимпиада	-	Пән мұғалімдері
4	Бридуи Дана	11	Лингвистикалық олимпиада	II дәрежелі Диплом	Пән мұғалімдері

#### «Кішкентай білгерлер» интеллектуалдық олимпиада қалалық кезеңі

№	Оқушылардың аты-жөні	Сынып	Бағыты	Қорытынды нәтиже	Жетекшісі
1	Сауытбаев Мухсин	4	«Бастау» олимпиада	III дәрежелі Диплом /команда /	Жалмуратова.Г.Е
2	Тудеген Сержан	4	«Бастау» олимпиада	III дәрежелі Диплом /команда /	Жалмуратова.Г.Е
3	Бердіғазы Нәзира	4	«Бастау» олимпиада	III дәрежелі Диплом /команда /	Жалмуратова.Г.Е
4	Елубаева Айзере	4	«Бастау» олимпиада	II дәрежелі Диплом	Жалмуратова.Г.Е

#### Қорытынды аттестаттау

"Орта, техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі білім беру ұйымдары үшін білім алушылардың үлгерімін ағымдағы бақылау, аралық және қорытынды мемлекеттік аттестаттау жүргізудің үлгі ережесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2008 жылғы 18 наурыздағы №125 бұйрығына толықтырулар енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2023 жылғы 13 сәуірдегі №96 бұйрығы негізінде қорытынды аттестаттау ағымдағы оқу жылының жылдық бағасы негізінде өткізілді.

9-сыныптар бойынша қорытынды аттестаттау-қазақ тілі пәнінен эссе, алгебра пәнінен бақылау, орыс тілі мен әдебиеті және биология пәндерінен жазбаша (тест және мәтінмен жұмыс) түрінде өтті. Барлық емтихан материалдары Ақтөбе облыстық білім басқармасының келген сілтемемен мектептен құрылған комиссия төрағасы мен мүшелерінің қатысуымен уақытында алынды, ҚРБҒМ №125 бұйрығында көрсетілген талапқа сәйкес уақытында ашылып, актіленді, емтихан жұмыстары бұйрық бойынша бекітілген емтихан алушы мұғалім мен ассистент тарапынан тесеріліп, үлгілік кағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша Негізгі орта білім беру деңгейлеріндегі оқу курсы емтиханының қағаз және электронды хаттамасына балдары және емтихан бағалары қойылды, құжаттары жинақталды. 67-тармағына сәйкес жазбаша жұмыстарды орындауға-2 астрономиялық сағат, алгебра пәніне-3 астрономиялық сағат бөлінді. «Үздік аттестатқа» үміткер оқушылар: болған жоқ.

Қорытындысы төмендегідей көрсеткіштер көрсетті.

№	Пәндер	Оқушы саны	емтихан сапасы	қорытынды сапасы	көрсеткіш
1	Қазақ тілі	27	63%	56%	-7%
2	Алгебра	27	44%	48%	+4%



3	Орыс тілі мен әдебиеті	27	81%	70%	-11%
4	Биология	27	56%	56%	тұрақты
	Жалпы	108	61,1%	57,5%	

9 сынып бойынша «үздік аттестат» жоқ. № 7 педагогикалық кеңестің шешімімен негізгі орта білім аяқтағаны туралы аттестат берілді.

11-сынып бойынша - қазақ тілі пәнінен (эссе жұмысы), алгебра және анализ бастамалары пәнінен (бақылау жұмысы), орыс тілі мен әдебиеті және таңдау (шетел тілі,биология, дүние жүзі тарихы) пәндерінен жазбаша (тест және мәтінмен жұмыс) түрінде, Қазақстан тарихы пәнінен ауызша мемлекеттік емтихандары өтті. Барлық емтихан материалдары сілтеме арқылы мектептен құрылған комиссия төрағасы мен мүшелерінің қатысуымен уақытында алынды, ҚРБҒМ №125 бұйрығында көрсетілген талапқа сәйкес уақытында ашылып, актіленді, емтихан жұмыстары бұйрық бойынша бекітілген емтихан алушы мұғалім мен ассистент тарапынан тесеріліп, үлгілік қағиданың 3-қосымшасына сәйкес нысан бойынша «Жалпы орта білім беру деңгейлеріндегі оқу курсы» емтиханының қағаз және электронды хаттамасына балдары және емтихан бағалары қойылды, құжаттары жинақталды. 68-тармағына сәйкес қазақ тілі жазбаша емтиханын орындауға- 3 астрономиялық сағат, алгебра және анализ бастамалары жазбаша емтиханын орындауға- 5 астрономиялық сағат бөлінді.

Жалпы орта білім туралы «Алтын белгі» аттестатына үміткер оқушы - Бридун Дана Сергеевнаның үлгілік қағиданың 41-тармағының 1) және 2) тармақшаларына сәйкес қазақ тілі мен алгебра және анализ бастамалары оқыту пәндерінен жазбаша емтихан жұмыстары аяқталғаннан кейін «Ақтөбе облыстық білім басқармасы» ММ жанынан қалыптастырылған комиссия қарауына «Ақтөбе қалалық білім бөлімі» ММ арқылы жолданып, жұмыстары қаралып бағалау шкаласына сәйкес «өте жақсы» бағасын қорғады.

Өткізілген мемлекеттік емтихандардан алған баллы мен бағалауы:

№	Мемлекеттік емтихан пәндері	Максималды балл	Емтихан балы	Бағасы
1	Қазақ тілі (жазбаша)	40 (қырық)	34 (отыз төрт)	5 (өте жақсы)
2	Алгебра және анализ бастамалары (жазбаша)	60 (алпыс)	56 (елу алты)	5 (өте жақсы)
3	Қазақстан тарихы (ауызша)	30 (отыз)	30 (отыз)	5 (өте жақсы)
4	Орыс тілі мен әдебиеті (жазбаша)	40 (қырық)	40 (қырық)	5 (өте жақсы)
5	Шетел тілі (жазбаша)	40 (қырық)	39 (отыз тоғыз)	5 (өте жақсы)

№	Пәндер	Оқушы саны	емтихан сапасы	қорытынды сапасы	көрсеткіш
1	Қазақ тілі (жазбаша)	10	70%	60%	-10%
2	Алгебра және анализ бастамалары (жазбаша)	10	90%	60%	-30%

3	Қазақстан тарихы (ауызша)	10	70%	70%	тұрақты
4	Орыс тілі мен әдебиеті (жазбаша)	10	60%	60%	тұрақты
5	Шетел тілі (жазбаша)	2	100%	100%	тұрақты
6	Биология (жазбаша)	2	100%	100%	тұрақты
7	Дүние жүзі тарихы (жазбаша)	6	50%	50%	тұрақты
	Барлығы	50	77,1%	71,4%	

11- сынып бойынша «Алтын белгі» аттестаты және «Алтын белгі» белгісіне аяқтаған-1оқушы. № 8 педагогикалық кеңестің шешімімен жалпы орта білім аяқтағаны туралы аттестат берілді.

### **Кітапхана туралы жалпы мәліметтер/Оқу көркем және ғылыми әдебиеттер қорының болуы туралы мәліметтер**

Кітапхананың құрылған жылы-2001ж. Жалпы ауданы-36,2 ш.м, 1қабатта орналасқан. Оқу қорына кітап сақтау қоймасы бар, оның көлемі-14қв/м. Материалдық-техникалық жабдықталуы: үстел - 4дана, орындықтар - 8дана, формуляр қорабы-1 дана, сөрелер - 6 дана, компьютер-4 дана .Кітапхананың жұмыс уақыты: дүйсенбі - жұма 9-00-ден 17-00-ге дейін, сенбі,жексенбі-демалыс күні.

#### **Кітаптар қор туралы мәліметтер (саны)**

Кітапхана қорында: оқулықтар, мерзімді басылымдар, оқу- әдістемелік құралдар, сөздіктер-анықтамалықтар мен энциклопедиялар казак және орыс тілдеріне бөлініп , сынып бойынша жинақталған.Сонымен қатар,кітапхананың негізгі қорының жиынтық есеп кітабы, мүкәммал кітабы (инвентарный), мүкәммал кітабына жазылуға жатпайтын басылымдардың есебі жазылған (кітапшалар қоры- көлемі 48 паракқа дейінгі басылымдар) тіркеу кітаптары бар. Мектеп кітапхана қорында – 9487 дана кітап бар , оның ішінде

Оқулықтар саны- 8173 дана

Көркем әдебиет- 1314 дана

Оқырмандар жалпы саны- 237

Алматы кітап, Атамұра, Мектеп, Білім, Арман-ПВ баспаларынан шыққан оқулықтар және көркем әдебиеттер мен методикалық нұскалар.

Кітапхана қоры кітапханалық-библиографиялық жіктеу (ББК) таблицасы бойынша, сыныптар бойынша кітап қоймасына қойылған.

Кітап қорының 2022-2023 оқу жылында азаяу себебі, қолдану мерзімі өткен, ескірген, көнерген,1865078,00 теңге құрайтын, 2742 оқулықтар қалалық қаржы бөлімінің рұқсатымен есептен шығарылды.

Барлық 1-11 сынып оқулықтары электронды нұсқада бар.Сілтемесі қол жетімді : <https://okulyk.kz/all.books/>.

Мектеп оқушыларына 100 пайызы оқулықтармен толық қамтамасыз етілді.

[12-қосымша]

### **Бітіру сыныптарын тестілеу нәтижелері**

2022-2023 оқу жылында жоспар негізінде 4,9,11-сынып оқушыларынан білім алушылардың білім жетістіктерін мониторингілеу мақсатында жыл бойы жұмыстар жүргізілді, сәуір-мамыр айларында бітіру сыныптарынан тест жұмыстары жүргізіліп қорытындыланды.

Компьютерлік тестілеу кезіндегі бағалау шәкілі (пайыздық қатынаста) мынадай түрде айқындалады:

"өте жақсы" – 85-100 %;

"жақсы" – 65-84 %;

"қанағаттанарлық" – 40-64 %;

"қанағаттанарлықсыз" – дұрыс жауаптар емтихан материалындағы сұрақтар санынан 40 % -дан төмен болғанда;

**4,9,11-сыныптардың білім алушыларымен күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізуін айқындау және тиісті білім деңгейінің мемлекеттік жалпы білім беру стандартының талаптарында көзделген білім беретін оқу бағдарламаларын меңгеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалау мақсатында алынған тест нәтижесі:**

4 – сыныптан 16/15 оқушы қатысты, білім сапасы 67 пайызды құрады, «жақсы» бағасымен бағаланды;

9- сыныптан 27/25 оқушы қатысты, білім сапасы 60 пайызды құрады, «қанағаттанарлық» бағасымен бағаланды;

11 – сыныптан 10/10 оқушы қатысты, білім сапасы 70 пайызды құрап, «жақсы» бағасымен бағаланды. [13-қосымша]

Мектеп директоры



К.К.Абуова

Жаңартылған күні: 30.06.2023 , 16:00

Құрылған күні: 30.06.2023 , 16:00

## Мектеп қызметінің өзін-өзі бағалауы

**«№ 48 Жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалау есебі**

Қазақстан Республикасы Білім және Оқу-ағарту министрінің «Білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 5 желтоқсандағы № 486 бұйрығына және "Білім туралы" 2007 жылғы 27 шілдедегі Қазақстан Республикасы Заңының 5-бабының 21-2) тармақшасына сәйкес және білім саласын реттейтін басқада нормативтік құжаттарға, мектепшілік бұйрыққа сәйкес «№48 Жалпы орта білім беретін мектебі» КММ 2022- 2023 оқу жылының қорытындысы бойынша өзін-өзі бағалау өткізілді. Қорытынды бойынша сараптамалық анықтама жазылды.

### **Жалпы сипаттама**

#### **Мектеп жайлы:**

«№ 48 Жалпы орта білім беретін мектебі» КММ

Ғимарат 2001 жылы пайдалануға берілген

Оқушы сыйымдылығы- 400 орындық

**Мекен-жайы:** Ақтөбе қаласы, Сәңкібай батыр 14-8, Жұмыс тел: 8(7132) 458214, shcola\_48@mail.kz, web-сайт: [http:// 48-mektep.edu.kz/](http://48-mektep.edu.kz/) .

**Білім беру ұйымының басшысы:** Абуова Карлыға Қоғабәева, 2022 жылдың тамыз айынан бастап мектеп директоры.

**Мектептің меншік түрі:** мемлекеттік, орта мектеп.

**Оқыту тілі:** қазақша

**Бейіндік оқыту бағыты:** жаратылыстану – математикалық.

**Білім алушылар контингенті:** 2022-2023 оқу жылының қорытындысы бойынша білім алушылар саны - 238 оқушы, 1-4 сыныптар – 93 оқушы, 5-9 сыныптар – 115 оқушы, 10-11 сыныптар – 30 оқушы.

**Аптасына оқыту регламенті:** бес күндік

**Ауысым:** бір ауысымды

**Мектептің соңғы мемлекеттік аттестациядан өткен уақыты:** 2013 жылдың ақпан айы.

**«№ 48 Жалпы орта білім беретін мектебі» КММ – нің қызметін іске асыруға рұқсат беретін құжаттар:**

1. ҚР Әділет министрлігі Ақтөбе облысының Әділет департаменті заңды тұлғаны қайта тіркеу туралы 02.09.2022 жылғы анықтамасы.

2. «ҚР білім және ғылым министрлігінің білім және ғылым саласындағы бақылау комитеті, Ақтөбе облысының білім саласындағы бақылау департаменті» ММ № KZ52LAA00011099, 19.02.2018 ж берілген лицензиясы.

Педагогикалық ұжым оқу-тәрбие процесін Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңына, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім туралы нормативтік-құқықтық құжаттарға, Білім министрлігінің нұсқауларына, бұйрықтарына сәйкес ұйымдастырады және әдістемелік-нұсқау хаттар, типтік оқу жоспары мен жұмыс оқу жоспарына, мектептің жылпы жылдық жоспарына сай жүзеге асырады.